

## ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРІ: АБАЙ МҰРАСЫ АЯСЫНДА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ\*

<sup>1</sup>*Нұрадин Гулхан Болатқызы, <sup>2</sup>Жаңабаева Динара Мұхтарқызы*  
<sup>1</sup>*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз, Қазақстан)*  
<sup>2</sup>*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты*  
*(Алматы, Қазақстан)*  
<sup>1</sup>*gnuradin@mail.ru, <sup>2</sup>dinara.jan@bk.ru*

<sup>1</sup>*Nuradin Gulkhan, <sup>2</sup>Zhanabayeva Dinara*  
<sup>1</sup>*Taraz regional university named after M. H. Dulati (Taraz, Kazakhstan)*  
<sup>2</sup>*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies*  
*of the CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)*  
<sup>1</sup>*gnuradin@mail.ru, <sup>2</sup>dinara.jan@bk.ru*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі Қазақстан жастарының отбасы және отбасылық құндылықтарына Абай мұрасының негізінде талдау жасалған. Отбасы мен қазіргі қоғамның өзара әрекеттесуіне философиялық талдау жасау жеке адам мен қоғам арасындағы тең қарым-қатынасқа жету мағынасы отбасында қалыптасатын қоғамдық санадағы тұрақты құндылық бағдарларды қалыптастырмай елестету мүмкін еместігімен шартталған. Абай өзінің «Адам бол!» ізгілікті формуласын алға тарта отырып, жастар үшін достықтың, некедегі сүйіспеншілік, ар-ұждан мен парыз, батылдық пен адами қарым-қатынастың биік шыңы және т.б. сынды этикалық нормалардың біртұтас жиынтығын әзірледі. Сонымен қатар ғылыми мақалада қазіргі қоғамдағы отбасын құру барысында тиімді қолдануға болатын ойшылдың «Қара сөздерінің» тәрбиелік мәні мен мағыналық ерекшеліктері де көрсетілген.

**Түйін сөздер:** отбасын құру, Абай мұрасы, жастар, құрылымдық-функционалдық модель, қара сөздер, махаббат, адалдық, білімділік, дүниетаным.

### *Кіріспе*

Осы уақытқа дейін Адам ұғымына тоқталмаған, оған анықтама беруге тырыспаған зерттеуші кемде-кем. Біздің қай-қайсымыздан да сен кімсің деп сұрағанда, мүдірместен «Адаммын» деп жауап береміз! Бірақ Адам деген кім? Дәл осы сұраққа толыққанды жауап алу әрқашан қиын. Сондықтан да әр саланың ғалымдары дәл осы сұрақтың шешімін табуға әрдайым асық. Бәлкім бұл сұрақ адамның жасырын коды болар? Ол да белгісіз.

Адам бойында қайрымдылық, мейрімділік, сабырлық сынды жақсы мінездермен қатар қаталдық, қызғаншақтық, сарандық секілді теріс мінездер де бар. Алайда аталған екі түрлі мінездерді орынды немесе орынсыз қолдану

---

\* Мақала АР19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

арқылы адам өзге адамдар тарапынан «жақсы» не болмаса «жаман» адам атағын иеленеді. Дегенмен де біздің алдымызда қандай да бір оқыс оқиғалар күтіп тұрғанын білмейміз, ал ондай сәттерде адам өз бойындағы жақсы да жаман мінездердің кез келгенін қолдануы мүмкін. Бірқатар адамдар өзін қоршаған ортасына қарай жылдам әрі көп бейімделеді, сол ортадағы адамдардың мінез-құлықтарын көшірмелейді. Сондықтан да бір адамның жақсы болуы бір ортаның жақсы болуына ықпал етеді.

Абай Құнанбайұлының жастарды отбасылық өмірге қалыптастыруға толыққанды мүмкіндігі мол мұрасы бар. Отбасы дегеніміз – ерлі-зайыптылардың бір шаңырақ астында ұл мен қызды тәрбиелеп өсіріп, олардың да отбасы құруына қолдау көрсетуші шағын орта. Отбасының ең негізгі қызметі – көбею, өсу, даму. Отбасы мүшелерінің көбеюі, олардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуы, сол отбасының қуаттылығы мен қалыптатылуының көрсеткіші бола алады. Құрылған отбасылардың қоғамдық жағдаяттарға бейімделгіш, қиыншылықтарға төзімді, өмір сүруге қолайлы болуы үшін отбасы мүшелерінің қарым-қатынастары сыйластық пен құрмет негізінде орнауы қажет. Алайда оны қалыптастыру үшін алдын ала дайындық кезеңі болуы шарт. Жастарды отбасылық өмірге даярлау ісі жекелеген адамдар арқылы жүргізілсе, ол өзінің жемісті нәтижесін бере алмайды, егер аталмыш іс қоғам немесе мемлекет тарапынан қолға алынып, республика бойынша жүргізілетін болса, онда ол сөз жоқ өз нәтижесін беруі мүмкін.

Жастарды отбасылық өмірге дайындау жұмыстарын жүйелеу үшін басты бағдар ретінде халық тәжірибесін және ұлт ұстазына айналған ғұламалар еңбектерін алуға болады. Олардың келелі ой-тұжырымдары мен жеке жазбаларынан құралған мұралары жастарды отбасылық өмірге даярлаудың теориялық-әдіснамалық базасын жасақтай алады. Мұндай мұралар заман өзгеріп, адам өзгерген жаңа санаға ие болса да өз құндылығын жоғалтпайды, керісінше, заманның кемшін тұсын дөп басып, одан құтылу немесе шығу жолдарын анық көрсетіп отырады. Себебі ғұламалар халықтың ойымен ойлайды, көптің пайымын қабылдайды, сол көптің оң бағытта жүруіне ықпал еткісі келеді.

Жалпы отбасы тәрбиесінің отандық ғалымдар тарапынан зерттелуі екі арна арқылы тоғысады. Біріншісі, қазақ халқының этногендік бастауынан бертіңгі арна болса, екіншісі жоғарыдағы аты аталған және аталмаған шетелдік және ресейлік ғалымдар еңбектері арқылы орын алған арна.

Қазақ халқының өзіне тән ерекше отбасы тәрбиесінің қалыптасуына түркі мәдениеті және түркі мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен Ежелгі Шығыс ойшылдары Конфуций, Будда, антиканың Сократ, Платон, Аристотель сынды алыптары болды. Бертін келе отбасын құру, отбасындағы бала тәрбиесінің озық дәстүрлерін Анахарсис, Асан Қайғы, Қорқыт, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ж.Баласағұни, М.Х.Дулати, А.Иүгінеки, Қ.А.Ясауи, Абай, Шәкәрім, М.Ж. Көпеев және т.б. ғұламалар еңбектерінен көре аламыз. Жоғарыда аталған және аталмаған алыптардың сара жолын Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов және т.б. қазақтан шыққан зиялылар жалғастырды.

Жоғарыдағы ғалымдар тізбесінің ішіндегі шоқтығы биік, ұлт ұстазына айналған Хакім Абайдың орны ерекше. Зерттеудің негізгі нысаны да осы Абай Құнанбаевтың мұраларына бағытталған. Абай мұралары қазақ халқына өмірлік рухани азық, сапасына сын түспейтін, дәуір өткен сайын ескірудің орнына керісінше, таныған, меңгерген сайын жарқырай түсетін жақұттай қымбат. Сондықтан да болар Елбасы өз сөзінде «Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз әлемге қазақ халқын танытамыз. Менің балаларыммен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс» [1] – деп Абайды бар қазақстандыққа үлгі етті. Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз. Абай өзінің адамгершілік, гуманистік, қоғамдық, эстетикалық ізденістерін бүкіл дүние жүзі мәдениетінің жетістіктерімен ұластырып, өзі де жаңа биік деңгейге көтеріле түсті, сол арқылы бүкіл адамзаттық идеяларға жол тапты [2, 8 б.]. Өзімізді-өзіміз тану үшін, қазақ елінің әлем халықтары арасында өз орны мен рөлін табу үшін Абай сияқты халық арасынан шыққан дана адамдар қажет. Абай Құнанбаев мұраларын бүгінгі күнгі әлемдік әлеуметтік шиеленіскен мәселелердің шешімі ретінде қарастыруға болады. Себебі Абайдың адам туралы ілімі дүниежүзіндегі адамзаттың ортақ проблемасына арналған. Оған Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп!» – деген өлеңі дәлел бола алады. Академик Ғарифолла Есім өзінің «Ғұлама-Наме» атты ғылыми трилогиясында неге қазақ халқы Абай жолымен жүруі керек? – деп дүйім жұртқа сұрақ қойып, сол сұрағына өзі мынандай жауап айтады: «Хәкім Абай әлемде ешбір ойшыл айта алмаған биік идея ұсынған. Ол «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – деген тамаша ой айтты. Бұл Нью-Йорктегі БҰҰ-ның маңдайшасында ұран етіп жазылатын сөз. Абай адамзаттың бәрін бауырым деп сүймесе, адам баласы адасады, тозады, ақырзаман жақындайды – деген [3, 32 б.].

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Мақалада жастардың отбасы құру даярлығын қалыптастырудағы А. Құнанбаев мұраларының орны мен рөлін теориялық-әдістемелік тұрғыдан бекіту және оның ұтымдылығын тәжірибе негізінде қорытындылау мақсаты көзделген. Теориялық тұрғыдан А. Құнанбаев мұралары арқылы жастарды отбасылық өмірге даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталады, эмпирикалық тұрғыдан Абай мұралары арқылы жастарды отбасылық өмірге даярлаудың пре-пост әдісіне негізделген құрылымдық-қызметтік моделі жасалады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде ұлт ұстазы Абай Құнанбаевтың мұраларына нақтырақ айтқанда, өлеңдері, қара сөздері, аудармалары, поэмалары, қоғамдық, эстетикалық, философиялық көзқарастары, психологиялық және педагогикалық пікірлері, ақындық тілі мен композиторлық өнерін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарын жастардың отбасылық өмірге деген даярлығын қамтамасыз ететін жоғарғы құндылық ретіндегі тәрбие теориясы құрайды.

### ***Жастардың позитивті даму философиясы***

Жастық шақ, жас дәурен аса қысқа уақыт. Жастық шақта бала ересектерге, яғни ата-анасына, ата-әжесіне, аға-әпке, тәте-көкелеріне тәуелді, есейген шақта өз-өзіне тәуелді, ал жастық шақ сол балалық және ересек шақтың ортасындағы қауіпті өтпелі кезең. Адам физиологиясына сәйкес жас адам күш жігерге, таусылмас энергияға толы, оған қоса тез қабылдағыш, еліктегіш қасиеттерге де ие, сәйкесінше тез өпелегіш, ашуланшақ. Жастар ересектердің болашаққа апарар үміті, балалардың жетуі тиіс межесі. Жастық шақ – адам өмірінің маңызды кезеңі. Осы бір маңызды кезең әлемдік саясат үшін де, ұлттың болашағы үшін де, мемлекет салиқалығы үшін де аса маңызды. Сол себепті жастарға көңіл бөлудің, олардың әлеуметтік өмірдегі орны мен рөлін айқындауды үш көрсеткіш арқылы бекітуге болады. Олар ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлердегі жастар саясаты.

1998 жылы 12 тамызда Португалияда жастар министрлерінің дүниежүзілік конференциясында қабылданған «Лиссабон декларациясында» жастар саясаты мен бағдарламалары туралы мәселе көтеріліп жастар саясаты арқылы өсіп келе жатқан ұрпаққа ерекше мән беріліп, назар аударылды. Португалия жастары үніне БҰҰ құлақ түріп, өзінің 52/83 экономикалық және әлеуметтік Кеңесінде қарап, БҰҰ-ның 1997/55 қарарларында Португалия Үкіметінің ұсынысын құптады және жастар ісі жөніндегі министрлердің Дүниежүзілік конференциясын өткізуді жоспаралады. БҰҰ-ның Бас хатшысынан дүниежүзілік конференцияның баяндамасын таратуды сұралды және аталмыш ұйымға мүше барлық мемлекеттер арасында, 1985 жылы Халықаралық Жастар жылының жетістіктерін еске ала отырып, Бас Ассамблеяның 1985 және 1995 жылдардағы жастар ісі жөніндегі арнайы сессиялары жастар мүддесі үшін Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасын қабылдауға алып келді [4].

Әлемдегі 146 мемлекеттің жастар министрлері мен өкілдері өз Үкіметтеріне ұлттық жастар саясатын әзірлеуді, іске асыруды, одан кейінгі процестерді және қаржыландыруды жоғары саяси деңгейге қоюға уәде берді. Жастар мемлекеттің болашағы ғана емес, оның репродуктивті, потенциалды қабаты. Әлем халықтарының жастарға және мемлекеттік жастар саясатына деген көзқарасының оң бағытта өзгеруі біздің елімізге де өз ықпалын тигізді. Нақтырақ айтқанда, мемлекет басшысының 2008 жылғы 1 шілдедегі № 625 Жарлығымен ҚР Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесі құрылды және оның дербес құрамы бекітілді [5]. Мемлекет үшін маңыздылығы жоғары мұндай шешім қабылдау астарында жастар мәселесін ұлттық деңгейге дейін көтеру және сол арқылы мемлекет негізін нығайту, болашақ бағдарын айқындау ұсынымдары жатыр.

Елімізде отбасылық өмірге дайындаудағы жастарды психосексуалды дайындау аспектісі мен репродуктивті денсаулықты дамыту мәселесі көп қарастырылмағаны анықталды. Бұл аспектінің болмауы түрлі жағымсыз салдарларға әкеп соғатыны айқындалып отыр: репродуктивті денсаулықтың нашар деңгейі, жыныстық мәдениеттің төмендеуі, ажырасу санының өсуі,

отбасындағы дағдарыстың артуы. Сол себепті кез келген мемлекеттің өзекті мақсаты – елдегі позитивті демографиялық жайды қамтамасыз ету факторы болып табылатын жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау [6, 13-14 б.]. Мамандар пікіріне сәйкес жастарды отбасылық өмірге дайындау, бұзылған тағдырлар мен жетім балалар, психологиялық күйзеліс пен әлеуметтік теңсіздік сынды толып жатқан проблемалардың алдын ала алады. Жеке отбасын құрып, оны сақтай алмаған жастар көбіне қоғамның ең осал және қолайсыз топтарының бірін құрайды. Көптеген жастармен салыстырғанда, олар білім алуға, жұмысқа, тұрғын үйге және басқа да даму және өтпелі кезең мүмкіндіктеріне қол жеткізуде ерекше қиындықтарға тап болады.

Отбасын құрушы жастар физикалық және эмоционалды түрде күресуге және тиімді әлеуметтік қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін практикалық, эмоционалды және тұлғааралық өмірлік дағдыларды дамытулары қажет. Егер олар оны жасай алмаса онда арнайы мамандар көмектескені дұрыс. Қалыпты отбасын дұрыс жоспарлауға көмектесетін, «жақсы күйеу» мен «жақсы әйел» дағдыларын қалыптастыратын және ерлі-зайыптылардың ортақ міндеттерін атқара алатын жұптарды алдын-ала дайындайтын мамандар мен отбасын құруға ниетті жастарды бір-бірімен кездестіру, дайындау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуге мемлекет құлықты болуы шарт. Бүгінгі таңда еліміздегі отбасын құруға ниетті жастарды отбасылық өмірге даярлау қызметін ата-аналар мен кеңейтілген отбасы мүшелері атқаруда. Сәйкесінше, өз қызметін толықтай атқарып жастардың қалыпты отбасын құруға көмектесіп, қолдау білдіріп жүрген немесе керісінше, бұл қызметті атқара алмауы мүмкін. Көп жағдайда отбасын құруға ниетті жастар ересектер тарапынан қамқорлық пен қолдауды қажет етпей, көмекке мұқтаж екендіктерін мойындамауы мүмкін, кей жағдайларда керісінше, психологиялық көмекке мұқтаждықтарын мойындағанымен, тіпті зәру екендігін білдіргенімен сырттан қолжетімді көмек ала алмауы ықтимал.

Осы себептен де әр қазақ, әр қазақстандық үшін жақсы таныс, мұралары қолжетімді, ұлт ұстазы Хәкім Абайдың «адам болу», «толық адам болу», «адамзатты сүю» идеялары арқылы жастарды отбасылық өмірге даярлау қажеттілігі алға тартылып отыр. Онда Абай мұраларының басты бағыты адамгершілік, адами құндылық мәселелері талқыланып, жастарды отбасылық өмірге дайындауға қарай бейімделеді.

### ***Жастарды отбасылық өмірге қалыптастырудағы және бала тәрбиесі турасындағы Абай қара сөздерінің философиялық тұғырлары***

Ұлт ұстазы, А.Байтұрсынов айтқандай «қазақтың бас ақыны» Абай Құнанбаев өзінің топтастырылған 45 сөздер жинағына «қара сөз» деген атау берді. «Қара» сөзі қазақ үшін бірнеше екі ұдайлы мағынаға ие. Абайдың қара сөзіндегі «қара» сөзі «негізгі» деген мағынаны беріп отыр. Демек, Абай мұраларының өзегі де осы 45 қара сөз ішінде деп ұғынуға негіз бар.

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті



көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» [7, 3 б.], – дейді *1-ші қара сөзінде* Абай. Жаратылыстың әділдігі сондай адамның ұлтына, дініне, статусына т.б. ерекшеліктеріне қарамастан барлығы бірдей физиологиялық даму көрсеткішіне ие.

Жастық шақта жастарды қателіктерге ұрындыратындардың бірі ересектің ақылын тыңдамау, «өзім білемін» деген салып езеуреп, ешкімді тыңдамау. Бұл турасында Абай *7-ші қара сөзінде* былай деп жазады: «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» [9]. Жастарды отбасылық өмірге алдынала дайындау дегеніміздің өзі отбасы құрған, тәжірибесі бар ересектердің ақыл-кеңесін алу, өмірлік тәжірибесін үйренуден басталады, алайда жастық амбиция мен максимализм бұл қағидаға қарсы. Абай сол жастықтың кейіпін хайуанға теңеп тұр.

Жалпы адамзат бақыттың да, өмірдің мәнінің де білімнің қолында екенін түсінді. Сондықтан да болар әрбір ата-ана өз баласының терең білім алғанын қалайды және сол қалауын өтеуге тырысып бағады. Баласының біліміне қаражат жұмсаған соң, одан нәтиже күтеді. Кейде ата-ана күткені мен баланың қабілеті сәйкес келмейді. Бұл турасында ұлт ұстазы Абай өзінің *38-ші қара сөзінде* «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды» [7, 96 б.]. Мән бере қарасақ, Абай аталмыш қара сөзінде бүгінгі күнгі философиялық антропологияның басты бағыты «өзін-өзі» тану мәселесін көтеріліп отыр. Абайша айтсақ, адам өзін-өзі таныса, ол жаратқан Алласын да, өзі үшін жаратылған дүниені де танып, адамдық балансын бұзбайды. Балалардың өзін-өзі тану мәселесінің білім беру саласына енгеніне көп уақыт болған жоқ, бірақ Абай оған ден қойған. Бастауыш сынып оқушыларының «өзін-өзі тану» пәнін оқығанан кейінгі өзгерістерін байқаған ресейлік зерттеуші-ғалым Е.А. Сорокумова бы-

лай дейді: «Бұрын бастауыш сынып оқушысының өзін-өзі тану психологиясына қатысты сұрақтар арнайы психологиялық зерттеу тақырыбы болған жоқ. Бүгінгі бастауыш сынып оқушысы 60-80-ші жылдардағы құрдастарынан айтарлықтай хабардарлықпен және әлеуметтенуімен дараланудың әртүрлі тәсілдерімен ерекшеленеді. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, қазіргі заманғы бастауыш сынып оқушысы, сәл әріректегі бастауыш сынып оқушысына қарағанда Мен осы көп қырлы әлемдегі «олардың» арасындамын деп ойлай алады, сонымен бірге, жаңа білім арналарын ашуға, ынтымақтасуға, түсіністікпен қарауға, басқа адамдармен қарым-қатынастың жаңа формаларын қабылдауға қабілетті [11, 8 б.].

Абай көзқарасымен қарасақ, ата-ананың міндеті баланы бағыттау, бірақ мәжбүрлеу емес, егер де ата-ана балаға мәжбүрлеп білім берсе, ол бәһра, яғни, құр әурешілік, пайдасыз уақыт пен қаржы деген тұжырымға саяды. Қазіргі таңда білім беру саласының табысы мұнай саласының табысымен бара бар. Кез келген ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, оның адами ресурстарының даму деңгейіне, ал ол білім беру жүйесімен тікелей байланысты. Бұл «адами капиталды» құратын білім, ол елдің экономикалық әлеуетін шешуші дәрежеде анықтайды, сондықтан оның экономикалық өсуінің қайнар көзі болып табылады. ЭЫДҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларының бәсекеге қабілеттілігіне арналған баяндамасында адами капиталды дамыту өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырудағы басты басым міндет ретінде белгіленеді. Бұл міндетті шешу үшін білікті кадрларды даярлаудағы бар олқылықтарды, атап айтқанда білім беру құрылымының қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкессіздігін жою ұсынылады [12]. Демек, даму кезеңдеріне өрлеген сайын адам санасы да жаңғырады, сәйкесінше, кешегі ата-анадан, бүгінгі ата-ана басымдылыққа ие. Абай осындай жағдаятты алдынала болжағандай, *39-шы қара сөзін* былай бастайды: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған» [7, 42 б.]. Абайдың бұл жазбасынан бері бір жарым ғасыр уақыт өтті. Бірақ, әр өмір аядамасына тоқтап артымызға қараған сайын өзімізді олардан жоғары сезінеміз, мүмкіндігіміздің артқанын сеземіз, бірақ проблемалар азаю орнына көбейіп жатқанын да мойындаймыз.

Абай *39-шы қара сөзін* былай жалғайды: «Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді» [7, 129 б.]. Қазіргі таңда әлемдегі, сәйкесінше сол әлемнің бір бөлшегі ретіндегі қазақстандық ашық қоғамдағы болып жатқан жақсылы-жаманды оқиғаларды таратудың құралдары көп. Әсіресе, келеңсіз жағдайлардың таралу ауқымы кең, қарқыны қатты, сәйкесінше, халық арасында заман өзгерді, адам сапасы тым төмен, Абайша айтқанда, адамшылықтан гөрі шайтандыққа бой ұрып барамыз. Абай ағамыздың алысты көріп, парқын болжауы, енді айқындалғандай. Ары қарай Абай өзінің *40-шы қара сөзінде* жиырмадан астам сұрақ қояды. Соның бірі мынау: «Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса,

оның басынан пәрмәне болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?» [9]. Абайдың бұл сөздерінің ішіндегі бейтанысы «пәрмәне» сөзі. Филолог-ғалым Рымғали Нұрғалидің «Мақалалар, сөздіктер және биобиблиографиялық көрсеткіш» кітабының 8 томында «Пәрмәне (парсы сөзі) – бұйрық, өмір, жарлық, жан пида қылу; ақын мәпелеу деген мағынада қолданған» [13, 88 б.] деп Абайдың осы *40-шы қара сөзін* негізге ала отырып тұщымды түсініктеме берген. Шынтауайтына келгенде, дәл осы проблема қазіргі күні де аса өзекті. «Балаңды бес жасына дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан әрі досыңдай сырлас» деген халық қағидасы қасанданып, жас кездерінде өбектеп жүрген балаларына есейгенде сөзі өтпей, тілдесе алмай отыру фактілері бар.

«Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» [9] деген *43-ші қара сөзіндегі* «Жибили» сөзі де араб, парсы тілдерінен алғанда «таби-ғи», «тумысынан», «жаратылысынан», «қалыпты жағдай» деген мағыналарға ие. Абай айтатын жибили қуаты жан қуатына сәйкес келеді. Адам баласы жас кезінде әлсіз, талапсыз болғанымен, адам есейген сайын ол да арта береді. Ол қуаттың ескерусіз қалып тежелгенінен Абай қатты алаңдайды. Оны кішкене болса да сақтап қалып, уақыт келе дамытуға әбден болатынына кеңес береді. Жас жеткіншек өсе келе құлқынның құлы болып ішіп-жеумен ғана өмір сүрмеу керек, жан қуатын үнемі дамытып отыру керектігін ұлы ақын баса айтады [14]. Отбасының ішінде екінші отбасы дүниеге келуге қам жасап жатқан тұста, ересек отбасы мүшелерінің үлгі ретінде қызмет етуі аса маңызды. Абай айтқандай, адамның өмірге келу миссиясы табиғи қажеттіліктерді өтеуден тұрмайды, оның екінші, яғни кәсіби деңгейіне зер салу керек. Жан-жағымызға қарасақ, барлық тірі жандылар жыбырлап табиғи қажеттіліктерін өтеп жүр. Құс екеш құс та тұмсығымен шөп тасып ұя салып, балапандарын бағып қанаттандырады. Біз тек ішіп-жем, бала тууды ойласақ, онда жан-жағымыздағы жан-жануарлардан несіміз артық. Сол себепті, жастарды отбасылық өмірге дайындаудағы негізгі құндылықтарды айқындау қажет. Жастардың бас құрап отау құруына да ең негізгі себеп – махаббат. Болмаса әрбір ер жігіт күнделікті өмірінде қанша қыз баланы кездестіреді, бірақ соның біреуіне ғана көңілі ауады, ғашық болады. Бір адамның келесі бір адамды таңдау әрекетінің түрткісі болған ұнату, дами, ұлғая келе махаббатқа айналады. Сондықтан да Абайдың қара сөздері жастарды отбасылық өмірге қалыптастырудағы философиялық негіздің теориялық-әдіснамалық тұғыры болары анық.

### ***Абай мұралары арқылы отбасын құру дайындығының құрылымдық-қызметтік моделі***

Кез келген философиялық құбылыс пен философиялық нысан құрылымдық-қызметтік жүйелілікті қажет етеді. Көптеген ғалымдар құрылымдық-




функционалды жүйені дамыта келе отбасылық құндылықтарды қалыптастыру процесінің педагогикалық моделін, яғни үлгісін береді, өйткені бұл әдіс қазіргі заманғы педагогика ғылымында күрделі көпқырлы объект-тілерді, үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін кеңінен қолданылады.

Абай мұралары арнайы жастарға және олардың отбасын құру даярлығына арналған бағыттағы жұмыс емес болса да масштабты, биік ойлау тұрғысында екенін ескере отырып, оны зерттеу нысанына ыңғайлай отырып жүйелеу қажеттілігі туындады, модельді құруға жүйелік-құрылымдық және құрылымдық-қызметтік тұрғыдан келу мәселесін кешенді түрде шешу көзделді. Өйткені, 14 пен 29 жас аралығын құрайтын жастардың Абайдың терең ойларын түсінуі, аса ауқымды мұраларын игеруі қиын, тіпті мүмкін емес, сондықтан да біз ұсынып отырған құрылымдық-қызметтік модель зерттеу жұмысының жалпы-ғылыми ұстанымдарының бірі ретінде жастарды отбасылық өмірге дайындау жүйесінің тұтастығын, оның құрамдас бөліктерінің өзара әрекеттестігін көрсетеді.

Ұсынылып отырған модельде әрбір жас, яғни индивид пен олардың құруға ниетті отбасы, яғни әлеуметтік топ іс-әрекетіне материалдық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани жағдайлардың барлық элементтері ескерілді. Сондықтан да оның әлеуметтік орта маңызыдылығы басым бола алады. Дәл осы әлеуметтік орта арқылы жастар қоғамдық қарым-қатынастарға түседі және тұрақты байланыста бола алады.

Ұсынылып отырған модель арқылы Абайдың отбасын құруға ниетті жастарға бағытталған ақыл-кеңесін ұғынуға және оқу мен оқыту процесінде қолданысқа жарамды. Модель «пре-пост» әдісіне негізделген. (1-сурет)



Сурет – 1. Абай мұраларын меңгерген жастардың қалыпты отбасын құру дайындығының құрылымдық-қызметтік моделі

Ұсынылған модельде «пре», яғни бастапқы сауал «Абай Құнанбаев мұралары жастарды отбасылық өмірге даярлай ала ма?» деген сұрақтан басталады. «Препост» әдісі оқытушылық қызметте жиі қолданылады. Әдетте, белгілі бір тақырып бойынша теориялық лекция тыңдар алдында және тыңдағаннан кейін студенттің аталмыш тақырып аясындағы мәселелерді ұғынғанын анықтауға мүмкіндік береді. Студенттер белгілі бір дәрежеде анализ жасап үйренеді және әдісті қысқа мерзімге немесе үнемі пайдалану арқылы оқытушы оның нәтижесін лезде көре алады. Ұсынылған модельдің де көздеп отырған мақсаты отбасын құруға ниетті жастардың зерттеу нәтижесін лезде көре алуы, ұғынуы.

Ары қарай пресұраққа жауап іздеу мақсаты жүзеге асады. Модельде Абай мұраларынан сараланған қалыпты отбасын құрудың «Адам бол!», «Жүректі тазарт!», «Дүниеден суын!», «Құдайды таны!», «Өзіңе сен!» деген бес принцип ұсынылады. Таңдалынған аталмыш принциптер зерттеу нысаны болып отырған жастарға жақсы өмір жолын нұсқаушы принциптер бола алады. Одан кейін модельдің оң жағында жастардың болмысы мен өмір сүру стильдеріне жақын келетін 11 адамдық қасиеттер, яғни мағыналық ұғымдар тізілген. Олар «Адамшылық», «Білімділік», «Жуанмәрттілік», «Сезімділік», «Еңбекқорлық», «Ғашықтық», «Құмарлық», «Сүйіспеншілік», «Кісілік», «Қайраттылық» және «Пайымдылық».

Ары қарай Абай мұраларынан сараланған қалыпты отбасын құрудың «Толық адам», «Махаббат», «Иман», «Асау жүрек», «Адал еңбек», «Нұрлы ақыл» атты 6 категориямен жалғасады. Барлық аталғандар «Жүрек культімен» тоғысады. Ал модуль ортасында осы берілгендердің барлығы бағалау блогымен бекітіледі. Бағалау блогы компонент, өлшем және көрсеткіш деп үшке бөлінген. Компонентке Абай мұраларының жастарды отбасылық өмірге даярларудың мотивациялық, мақсаттылық, міндеттілік, әрекеттілік және нәтижелілік бағытындағы бес құрамдас бөліктері жатады. Зерттеу жұмысымен жіті танысқан отбасын құруға ниетті әрбір жас осы бес компонентті қабылдай алады. Қалыпты отбасын құруға ұмтылысы бар жастар Абай мұраларын зерделей отырып, 4 өлшем арқыры өздерінің дүниетанымдары мен дүниеге көзқарастарын пайымдай алады. Дүниетанымдық, тәрбиелік, құндылықтық және руханилық өлшемдер болашақ ерлі-зайыптылардың отбасы құру мүмкіндігін айқындай алады. Ең соңғы бағалау блогына «көрсеткіш» жатады. Берілген «жұп таңдау», «ер сипаты» мен «әйел сипаты» және жоғарыда аталғандардың қосындысы болған «ата-ана рөлі». Модельдің соңы «Абай Құнанбаев мұралары жастарды отбасылық өмірге даярлай алады» деген посттұжырыммен аяқталады.

### ***Қорытынды***

Абай мұраларын меңгерген әрбір жас философиялық антропология мен философиялық негіздерді, яғни адамның қандай болуы керек екендігін түсінуі тиіс. Егер Абай мұрасының орны мен рөлі жастар бойындағы қалыпты отбасын құруға дайындығын қалыптастыру үшін теориялық-әдіснамалық негізде айқындалып, оның философиялық антропологиясының мәні нақтыланса,

сондай-ақ жалпыға бірдей қолдануға ыңғайлы тиімділігі жоғары құрылымдық-функционалдық модель жасалып, және қазақстандық жастардың «жақсы әке» және «жақсы ана» ретінде қалыптасуына ықпал ететін әдістеме әзірленсе, онда жастардың қалыпты отбасын құруға және сақтауға деген ұмтылысы күшейіп, ажырасу, отбасының ыдырауы проблемаларының көрсеткіші төмендеп, салауатты қоғамның талаптарына сай болу үрдісі еселене түсуі мүмкін.

1995 жылы қазақтың Бас ақыны Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде өтті. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша 1995 жыл – Абай жылы деп аталды. Арада 25 жыл өткен соң 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойыда ЮНЕСКО-ның қолдауымен өткізіліп, керемет дәстүр өз жалғасын тапты. Осы іс-шараға орай ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [15] және «Абай – рухани реформатор» [16] атты мақалаларын көпшілік назарына ұсынды. Онда Абай ұлттық болмыстың үлгісі, әлемдік мәдениеттің тұлғасы, мемлекет мүддесін қорғаушы ойшыл, қазақ халқын танытудың айқын жолы ретінде дәріптеп Абайдың халық танымы ішіндегі орнын жоғары бағалады.

Мақала мақсаты жастардың жар таңдауда, отбасын құруда, еңбек етуде және бала бағуда Абай мұраларын қағидат етуге болатындықтарына көз жеткіз-діру. Абай мұралары халық арасында, әсіресе жастар арасында әлі де болса өз деңгейінде түсіндірілмейді. Отбасын құруға ниетті жастар Абай мұраларын ақыл-кеңес ретінде негіз етуге дайын еместігін, ол үшін Абайды оқып, таңырқау, оқу, түсіну, пайымдау, ұғыну, көңілге тоқу және кәдеге жарату қажет.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Абайдың хәкімдік дүниетанымы. 24.04.2020. [Электрондық ресурс] URL: <https://adurna.kz/> (Қаралған күні 12.06.2023)
- 2 Ахметов З. Абай туралы бірер сөз. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер / Құрастырған. Г. Бельгер. – Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
- 3 Есім Ғарифолла. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. – Нұр-Сұлтан: Хас-Сақ баспасы, 2019. – 640 б.
- 4 Lisbon Declaration on Youth Policies and Programmes Lisbon, Portugal, 12 August 1998. [Electronic source] URL: <https://www.lisboa21.gov.pt/up/> (Қаралған күні 22.05.2023)
- 5 Жастар саясаты жөніндегі кеңес. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/> (Қаралған күні 12.04.2023).
- 6 Ойшыбаев К.Б., Кайдарова А.С., Мухамбеткалиева Г.М. Жастарды отбасылық өмірге дайындау әдістемелік құралы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 67 б.
- 7 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
- 8 Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1993. – 224 б.
- 9 Абайдың қара сөздері. Абай мұрасы. «Abai KZ» ақпараттық порталы. 8 Мамыр, 2009 ж. [Электрондық ресурс] URL: <https://abai.kz/post/6>. (Қаралған күні 22.05.2023)
- 10 Шангреева А.Ж. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы контекстінде қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің тарихы мен дамудың замануи үрдістері // «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» республикалық педагогикалық оқулары жинағы. – Астана, 2017. – 424 б.
- 11 Сорокоумова Е.А. Психология самопознания детей младшего школьного возраста. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора психологических наук. Самара,

2012, 312 с. [Электронный ресурс] URL: <http://www.dslib.net/psixologia-vozrasta/psihologija-samopoznaniya-detej-mladshego-shkolnogo-vozrasta.html> [Қаралған күні: 20.06.2023].

12 Central Asia: competitiveness outlook. OECD report. World Economic Forum, 2011. [Electronic source] URL: [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GCR\\_Report\\_2011-12.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_GCR_Report_2011-12.pdf) [Қаралған күні: 20.06.2023].

13 Нұрғали Р. Шығармалар. Т.8. Мақалалар, сөздіктер және библиографиялық көрсеткіш. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

14 Оразалиев С. Абай айтқан – жибили. Қазақ әдебиеті. 02.12.2016. [Электрондық ресурс] URL: <https://qazaqadebieti.kz/8743/abaj-ajt-an-zhibili>. [Қаралған күні: 20.06.2023]

15 Тоқаев Қ.К. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». 08.01.2020. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/kz> [Қаралған күні: 20.06.2023].

16 Тоқаев Қ.К. «Абай – рухани реформатор». 10.08.2020. [Электрондық ресурс] URL: <https://abai.kz/> [Қаралған күні: 20.06.2023].

### *Transliteration*

1 Abajдың hәkimdik дүниетанымы [Abai's Ruling Worldview]. 24.04.2020. [Jelektronдық resurs] URL: <https://adyrna.kz/> (Қаралған күні 12.06.2023)

2 Ahmetov Z. Abaj turaly birer söz [A Few Words About Abai]. Abaj Құнбақылы. Өлеңдер, ројемалар, audarmalar, қара сөздер / Құрастырған. G. Bel'ger. – Almaty: Mektep, 2007. – 248 б.

3 Esim Farifolla. Ғылама-name. Fylymi trilogija [Scholar. Scientific Trilogy]. – Нұр-Сұлтан: Has-Сақ баспасы, 2019. – 640 б.

4 Lisbon Declaration on Youth Policies and Programmes Lisbon, Portugal, 12 August 1998. [Electronic source] URL: <https://www.lisboa21.gov.pt/up/> (Қаралған күні 22.05.2023)

5 Zhastar sajasaty zhөnindegi кеңес [Council on Youth Policy]. [Jelektronдық resurs] URL: <https://www.akorda.kz/> (Қаралған күні 12.04.2023).

6 Ojshybaev K.B., Kajdarova A.S., Muhambetkalieva G.M. Zhastardy otbasylyk өmirge dajyndau әdistemelik құралы [Methodological Tool For Preparing Young People for Family Life]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 67 б.

7 Abaj. Өлеңдер, ројемалар, audarmalar, қара сөздер [Poems, Poems, Translations, Black Words]. – Almaty: Mektep, 2007. – 248 б.

8 Mұhamedhanov K. Abajдың ақын шәkirterі [Abai's Poet Students]. – Almaty: RGZhI «Dәuir», 1993. – 224 б.

9 Abajдың қара сөздері. Abaj мұрасы [Abai's Black Words. Abai's Legacy]. «Abai KZ» ақпараттық portaly. 8 Мамыр, 2009 zh. [Jelektronдық resurs] URL: <https://abai.kz/post/6>. (Қаралған күні 22.05.2023)

10 Shangreeva A.Zh. «Mәңgilik el» ұлттық idejasy kontekstinde қазақстанда мектепке dejingi bilim berудың tarihy men damудың zamanуi үrdisteri [History of Preschool Education in Kazakhstan in the Context of the National Idea of "Eternal country" and Modern Trends of Development] // «Қазақстанда мектепке dejingi bilim berудың ғасырлық tarihi shezhiresi» respublikalyқ pedagogikalyқ оқулары zhinary. – Astana, 2017. – 424 б.

11 Sorokoumova E.A. Psihologija samopoznaniya detej mladshego shkol'nogo vozrasta [Psychology of Self-Knowledge of Children of Primary School Age]. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora psihologicheskikh nauk. Samara, 2012, 312 s. [Jelektronnyj resurs] URL: <http://www.dslib.net/psixologia-vozrasta/psihologija-samopoznaniya-detej-mladshego-shkolnogo-vozrasta.html> [Қаралған күні: 20.06.2023].

12 Central Asia: competitiveness outlook. OECD report. World Economic Forum, 2011. [Electronic source] URL: [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GCR\\_Report\\_2011-12.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_GCR_Report_2011-12.pdf) [Қаралған күні: 20.06.2023].

13 Нұрғали Р. Шығармалар. Т.8. Мақалалар, сөздіктер және библиографиялық көрсеткіш [Articles, Dictionaries and Biobibliographic Index]. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

14 Orazaliev S. Abaj ajtқан – zhibili [Abai Said - it was Killed]. Қазақ әдебиеті. 02.12.2016. [Jelektronдық resurs] URL: <https://qazaqadebiety.kz/8743/abaj-ajt-an-zhibili>. [Қаралған күні: 20.06.2023]

15 Тоқаев Қ.К. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» ["Abai and Kazakhstan in the 21st Century"]. 08.01.2020. [Jelektronдық resurs] URL: <https://www.akorda.kz/kz> [Қаралған күні: 20.06.2023].

16 Тоқаев Қ.К. «Абай – рухани реформатор» ["Abai is a Spiritual Reformer"]. 10.08.2020. [Jelektronдық resurs] URL: <https://abai.kz/> [Қаралған күні: 20.06.2023].

**Нұрадин Г.Б., Жаңабаева Д.М.**

**Семейная жизнь молодежи: философский анализ в контексте наследия Абая**

**Аннотация.** В данной статье представлен анализ семьи и семейных ценностей современной молодежи Казахстана в контексте наследия Абая. Философский анализ взаимодействия семьи и современного общества обусловлена также и тем, что достижение сбалансированных взаимоотношений личности и общества немислимо без формирования в общественном сознании устойчивых ценностных ориентаций, смысловое ядро которых закладывается в семье. Абай, выдвигая свою нравственную формулу «Адам бол!», разработал для молодёжи целый кодекс этических норм дружбы и товарищества, любви в супружестве, долга и совести, мужества и красоты человеческих отношений и т.д. Также в научной статье показаны воспитательные значения и смысловые особенности «Слов назидания», которые можно использовать в процессе формирования семьи в современном обществе.

**Ключевые слова:** создание семьи, наследие Абая, молодежь, структурно-функциональная модель, слова назидания, любовь, верность, образованность, мировоззрение.

**Nuradin G., Zhanabayeva D.**

**Family Life of Youth: a Philosophical Analysis in the Context of Abai's Legacy**

**Abstract.** This article provides an analysis of the family and family values of the modern youth of Kazakhstan in the context of Abai's legacy. The philosophical analysis of the interaction between the family and modern society is also due to the fact that achieving a balanced relationship between the individual and society is unthinkable without the formation of stable value orientations in the public consciousness, the semantic core of which is laid in the family. Abai, putting forward his moral formula «Adam Bol!», developed for young people a whole code of ethical norms of friendship and camaraderie, love in marriage, duty and conscience, courage and beauty of human relations, etc. The article also shows the educational meanings and semantic features of the thinker's «words of edification» in the context of creating a family in modern society.

**Key words:** creation of a family, Abai's legacy, youth, structural and functional model, words of edification, love, loyalty, education, worldview.